

"Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 237-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 150-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 8 маусымда № 7724 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 210 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.06.2023 № 210 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Заңының 8-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 237-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7075 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 9 тамызда № 356-357 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мына бұйрықтардың:

1) "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын және оларды аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 25-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5565 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2009 жыл, № 7);

2) "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын және оларды аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 25-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 21-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6068 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2010 жыл, № 10) күші жойылды деп танылсын.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттау қағидасында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Міндетті аттестаттау әлеуметтік қызметкердің құзыреттілігінің біліктілік талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау мақсатында бес жылда кемінде бір рет, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап кемінде бір жыл өткеннен кейін өткізіледі, бұл ретте бала күтімі бойынша демалыста жүрген әлеуметтік қызметкер жұмысқа шыққаннан соң, кемінде алты айдан кейін аттестатталады.

6. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, атқаратын лауазымы бойынша санатын белгілеу немесе жоғарылату мақсатында халықты әлеуметтік қорғау жүйесі ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкердің өтініші негізінде мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтеді. Оның қорытындысы бойынша "Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жүйесінің басшыларының, мамандарының және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 31-ө-м бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7442 болып тіркелген) көрсетілген бірінші, екінші немесе жоғары санат беріледі.";

6-тараудағы 31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Міндетті аттестаттау қорытындысы бойынша әлеуметтік қызметкерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мекеме (ұйым) хаттамалық шешімнің көшірмесін береді.";

32, 33, 35-тармақтар алып тасталсын.

2. Әлеуметтік көмек департаменті (Н.А. Крюкова) бекітілген заңнамалық тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ә. Ахметовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

Г. Әбдіқалықова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____ Б. Жұмағұлов

2012 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

_____ С. Қайырбекова

2012 жылғы " ____ " _____